

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін пайдалана отырып, авария кезінде шұғыл ден қою жүйесін құру және оның негізінде көлік саласында қосымша навигациялық-ақпараттық қызметтерді дамыту мүмкіндігі саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 желтоқсандағы № 1610 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін пайдалана отырып, авария кезінде шұғыл ден қою жүйесін құру және оның негізінде көлік саласында қосымша навигациялық-ақпараттық қызметтерді дамыту мүмкіндігі саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумның жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетовке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін пайдалана отырып, авария кезінде шұғыл ден қою жүйесін құру және оның негізінде көлік саласында қосымша навигациялық-ақпараттық қызметтерді дамыту мүмкіндігі саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 5 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 6 1 0 қ а у л ы с ы м е н

м а қ ұ л д а ғ а н

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін пайдалана отырып, авария кезінде шұғыл ден қою жүйесін құру және оның негізінде көлік саласында қосымша навигациялық-ақпараттық қызметтерді дамыту мүмкіндігі саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталатын) төмендегілер туралы өзара түсіністікке келді:

1. Тараптар өз аумақтарында ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі негізінде навигациялық-ақпараттық қызметтерді және тауарларды дамытуға ниеттеніп отыр.

2. Тараптар басқа жаһандық навигациялық жерсеріктік жүйелерді пайдалануға
ш е к т е у қ о й м а й д ы .

3. Тараптар өз аумақтарында ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі негізінде жұмыс істейтін және автомобиль жолдарында жоғары қауіпсіздік деңгейін, автомобиль көлігінде авариялар және басқа да төтенше жағдайлар кезінде шұғыл ден қою қызметтері жұмысының тиімділігін қамтамасыз ететін жүйелерді құруға мүдделі.

4. Тараптар Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы Кеден одағының Техникалық регламентіне көлік құралдарын жедел қызметтерді шақырудың автомобильдік жүйесімен (терминалымен) жарактаудың міндеттілігі бөлігінде өзгерістер енгізу, оларды 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізу мақсатында келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыруға ниеттеніп отыр.

5. Тараптар мынадай бағыттарда ынтымақтасады:
ЭРА-ГЛОНАСС пайдалануды көздейтін ғылыми-зерттеу, технологиялық және эксперименттік бағдарламаларды, инновациялық технологияларды жасау және игеру бойынша жобаларды жүзеге асыру;
ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі негізінде навигациялық-ақпараттық қызметтерді құру саласында консультациялық қызметтер көрсету;
навигациялық қызметтер нарығының инфрақұрылымын дамыту, Тараптар аумағында тиісті инвестициялық жобаларды іске асырудың пилоттық аймағын а й қ ы н д а у ;

ЭРА-ГЛОНАСС технологияларын көлік кешенінде пайдаланудың ықтимал н ұ с қ а л а р ы н қ о с ы м ш а қ а р а у ;

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі технологияларын пайдаланатын навигациялық-ақпараттық жүйелер мен жабдықтар туралы ақпарат және техникалық деректер алмасу;

Тараптардың кез келгені ұйымдастыратын ғылыми-әдістемелік семинарларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға Тараптар өкілдерінің қатысуы арқылы тиісті қызмет салаларында Тараптар жинақтаған тәжірибе және білім алмасу;
ынтымақтастықтың Тараптармен келісілген басқа да кез келген түрлері.

6. Осы Меморандумда көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыруға жауапты қ ұ з ы р е т т і о р г а н д а р :

Ресей Тарапынан – Ресей Федерациясы Көлік министрлігі;
Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі б о л ы п т а б ы л а д ы .

7. Тараптар осы Меморандумның шеңберінде қызметтің мамандандырылған

түрлерін жүзеге асыру үшін Тараптардың жеке құқығының субъектілері болып табылатын ұйымдарды тағайындайды (бұдан әрі – тағайындалған ұйымдар).

Тағайындалған ұйымдар:

Ресей Тарапынан – навигациялық қызмет саласындағы федералды желі операторы «Содействие развитию и использованию навигационных технологий» коммерциялық емес әріптестігі («ГЛОНАСС» КеӨ);

Қазақстан Тарапынан – «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы болып табылады.

8. Осы Меморандум Тараптардың бірлескен қызметі бойынша заңды және қаржылық міндеттемелерге әкелмейді.

9. Тараптар сондай-ақ осы Меморандумның шеңберінде ешқандай іс-қимыл Тараптардың бір де біреуінің қандай да бір өкілеттілігі мен құқықтарына нұқсан келтірмейтінін негізге алады.

10. Осы Меморандум екі Тарап қол қойған күнінен бастап қолданылады және белгіленбеген мерзімге жасалады.

2012 жылғы 19 желтоқсанда Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін